**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ**  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ  
20 09 ж. «31» шілдеде ЖҮРГІЗІЛДІ  
№ 5108-1900-Ж

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкінің қаржылық  
нарық пен қаржылық ұйымдарды  
бақылау және қадағалау  
Комитетімен

КЕЛІСІЛГЕН

Төраға (Төрағаның орынбасары)


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ**  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ  
20 09 ж. «31» шілдеде ЖҮРГІЗІЛДІ  
БСН 090740019001

«Банк Kassa Nova»

### АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ


### ЖАРҒЫСЫ

**ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
ЖӘНЕ ЕНГІЗУЛЕРМЕН  
ЖАРАМДЫ**  
2012 ж. 17 қыркүйек

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ**  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
20 12 ж. «17» қыркүйек  
БҰРЫН 2009 ж. «31» шілдеде ТІРКЕЛДІ  
№ 5108-1900-Ж

БЕКІТІЛГЕН

АҚ «Nova Лизинг» Директорлар  
Кеңесінің Хаттамасымен  
№88 03 тамыз 2012 ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ**  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
20 12 ж. «17» қыркүйек  
БҰРЫН 2009 ж. «31» шілдеде ТІРКЕЛДІ  
БСН 090740019001

Алматы қ.

**ПАРАҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА  
ҚАРАҢЫЗ  
СМ. НА ОБРАТНОЙ СТОРОНЕ**

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Банк Kassa Nova» акционерлік қоғамы, бұдан әрі “Банк” деп аталушы, «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы болып табылатын коммерциялық заңды тұлға.

1.2. Банктің толық және қысқаша атауы:

	<u>Толық атауы</u>	<u>Қысқаша атауы</u>
Қазақ тілінде:	«Банк Kassa Nova» акционерлік қоғамы	«Банк Kassa Nova» АҚ
Орыс тілінде:	Акционерное общество «Банк Kassa Nova»	АО «Банк Kassa Nova»
Ағылшын тілінде:	«Bank Kassa Nova» Joint Stock Company	«Bank Kassa Nova » JSC

1.3. Банк – мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап, заңды тұлға болып табылатын, дербес балансы бар, шаруашылық есебі мен өзін-өзі қаржыландыру негізінде әрекет ететін акционерлік қоғам. Меншік түрі – жеке меншік.

Банк Қазақстан Республикасындағы банктік бірыңғай жүйе құрамына енеді.

Банк Директорлар Кеңесі шешімінің негізінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімінсіз (бұдан әрі – «уәкілетті орган») Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде өзінің оқшауланған бөлімшелерін – филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының 8 бабында көзделген өкілеттіктерді іске асыру мақсатында, өкілетті орган оған рұқсат берген жағдайда ғана еншілес ұйымдарды құра немесе оларға иелік ете алады.

Еншілес ұйымды құруға немесе еншілес ұйымды сатып алуға рұқсат беру тәртібі өкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес банк кепіл ретінде қабылдаған заңды тұлғалардың акциялары немесе жарғылық капиталға қатысу үлестері банк меншігіне өткен жағдайда, мұндай заңды тұлғалар банктің еншілес ұйымдарына жатпайды, аталған акциялар немесе жарғылық капиталға қатысу үлестері бір жылдан аспайтын мерзім ішінде сатылуы тиіс.

1.4. Банк немесе мемлекет өзіне осындай жауапкершілікті қабылдаған жағдайлардан басқа жағдайларда, мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, Банк те мемлекеттің міндеттемелеріне жауап бермейді.

Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

Банк акционерлердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің

қызметіне байланысты, оларға тиесілі акциялардың құны шегінде залалдардың тәуекелін көтереді.

1.5. Банк өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.6. Банктің өзінің атауы мен тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) көрсетілген мөрі, мөртаңбалары және бланктері бар.

1.7. ( Басқарма болып табылатын) атқарушы органның орналасу мекені: 010000 Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 8 үй ( Б2 блогы)

## **II. ҚЫЗМЕТТІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ**

2.1. Банк қызметінің мәні банктік қызмет болып табылады.

2.2. Банк көрсетілген мақсаттарға жету үшін, банктер ұлттық және шетел валюталарда жүзеге асыратын банктік және өзге операцияларды жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда, банктік заңнамамен қарастырылған келесі банктік және өзге операцияларды жүзеге асырады:

2.2.1. заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;

2.2.2. жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;

2.2.3. банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

2.2.4. осы тұлғаның иелігіндегі тазартылған бағалы металдар мен бағалы металдан жасалған монеталардың нақты саны көрініс табатын жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;

2.2.5. кассалық операциялар: Жарғының 2.2. тармағының 2.2.1, 2.2.2, 2.2.6 - 2.2.9, 2.2.10 және 2.2.11 тармақшаларында қарастырылған банктік операциялардың біреуі іске асырылған жағдайда, қолма-қол ақшаны ұсақтау, айырбастау, қайта санау, сұрыптау, қаптап буу және сақтау;

2.2.6. аударым операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақша төлемдері мен аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;

2.2.7. есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт);

2.2.8. банктік қарыз операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен несиелерді ақшалай беру;

2.2.9. шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;

2.2.10. банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;

2.2.11. төлем құжаттарын (вексельдерден басқа) инкассоға қабылдау;

2.2.12. аккредитивтерді ашу (ұсыну) мен растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;

2.2.13. ақшалай орындалуды көздейтін банктік кепілдіктер беру;

- 2.2.14. үшінші тұлғалар үшін ақшалай орындалуды көздейтін банктік кепілдіктер мен өзге де міндеттемелер беру;
- 2.2.15. тазартылған қымбат бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдарды) күйма күйінде, қымбат металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 2.2.16. құрамында қымбат металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 2.2.17. вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, вексельдерді төлеу жөнінде төлеушілерге қызмет көрсету, сондай-ақ, домицилденген вексельдерді, делдалдық тәртіпте вексельдер акцептін төлеу;
- 2.2.18. лизинг қызметін жүзеге асыру;
- 2.2.19. өзінің бағалы қағаздарын (акцияларды қоспағанда) шығару;
- 2.2.20. факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды сатып алушының (жұмыстарды, қызметтерді) төлемді талап ету құқығын иелену;
- 2.2.21. форфейтингтік операциялар (форфейтингтеу): сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу арқылы тауарларды сатып алушының (жұмыстарды, қызметтерді) борыштық міндеттемесін төлеу;
- 2.2.22. сенімгерлік операциялары: сенім білдірушінің мүддесіне және оның тапсырысы бойынша ақшаны, ипотекалық қарыздар мен тазартылған қымбат бағалы металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
- 2.2.23. сейфтік операциялар: клиенттердің құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттарын және құндылықтарын сақтау, оған қоса сейфтік жәшіктерді, шкафтар мен бөлмелерді жалға беру жөнінде қызмет көрсету;

Жоғарыда аталған қызметтерге қосымша, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген кез келген қызмет түрлерімен айналыса алады.

2.3. Банк бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- 2.3.1 брокерлік – Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингін алған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, немесе уәкілетті органның шешімі бойынша мұндай рейтингсіз мемлекеттік бағалы қағаздарымен, базалық активтерінің тізімі мен оларды сатып алу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздарымен және туынды қаржылық құралдарымен;
- 2.3.2 дилерлік – Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингін алған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, немесе уәкілетті органның шешімі бойынша мұндай рейтингсіз мемлекеттік бағалы қағаздарымен, базалық активтерінің тізімі мен оларды сатып алу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздарымен және туынды қаржылық құралдарымен, және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңының 8 бабында көзделген жағдайларда басқа бағалы қағаздармен;

2.3.3 кастодиандық;

2.3.4 трансфер-агенттік.

Банктердің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің жоғарыда аталған бір немесе бірнеше үйлесімді түрлерін жүзеге асыруына лицензияны Қазақстан Республикасының уәкілетті органы береді.

2.4. Банктің басқа банктермен, сонымен қатар, клиенттермен қарым-қатынастары Қазақстан Республикасы заңнамасымен басқаша көзделмесе шарттар негізінде жүзеге асырылады.

2.5. Банк қызметкерлерінің денсаулығын, өмірін қорғау әрі жеке меншігіндегі мүлкін, оның ішінде, көлікпен тасымалдау кезінде де сақтау үшін, өз құрылымында Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтаған тізбе бойынша атыс қарулары мен арнайы қорғаныс құралдарын, сонымен қатар, арнайы техникалық құралдарды пайдалануға құқылы арнайы күзет бөлімшелерін құрады.

### **III. БАНКТИҢ МҮЛКІ, ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ**

3.1. Банк мүлкі Жарғылық капиталдан, резервтік капиталдан, басқа да резервтерден, бөлінбеген таза табыстан, құны Банк балансында айқындалатын негізгі және айналым қаражаттарынан тұрады.

3.2. Мүлік Банктің жеке меншік құқығына тиесілі.

3.3. Банк мүлкін құрайтын көздер:

1) Банктің Жарғылық капиталы;

2) Банк қызметінен алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен тыйым салынбаған басқа табыс көздері болып табылады.

3.4. Банк құрайтын филиалдарының, өкілдіктерінің мүлігі Банктің мүлігі болып табылады.

3.5. Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін Банк шарт негізінде оған заңды және жеке тұлғалармен (соның ішінде резидент еместермен) берілген мүлікті пайдалануға құқылы.

3.6. Банктің Жарғылық капиталы олардың номиналды құны бойынша құрылтайшылармен (жалғыз құрылтайшымен) акцияларды төлеу және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген талаптарға сәйкес орналастыру бағасы бойынша инвесторлармен акцияларды төлеу жолымен калыптасады, және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

3.7. Банк Қазақстан Республикасының бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналымы және сатып алуларына қатысты бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталған тәртіппен және шарттарға сәйкес, туынды бағалы қағаздарды, опциондарды және айырбасталатын бағалы қағаздарды, сонымен қатар, кез келген өзге бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

3.8. Банк жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Артықшылықты акциялардың саны Банктің жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.

3.9. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

- 3.10. Акция бөлінбейді. Егер акцияны ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғалар иемдесе, олардың барлығы бір акционер болып танылады, және акциялармен берілген құқықтарды өздерінің ортақ өкілі арқылы пайдаланады.
- 3.11. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен басқаша көзделмесе акцияның бір түрі оны иеленетін әрбір акционерге осы түрдегі акцияның басқа иеленушілерімен бірдей құқықтар ауқымын береді.
- 3.12. Бір жай акция бір дауыс құқығын береді.
- 3.13. Акциялар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақшамен төленеді.
- 3.14. Банк жарғылық капиталының ұлғаюы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы іске асырылады.
- 3.15. Банк резервтік капиталды жай акциялар бойынша дивидендтерді төлегенге дейін уәкілетті органмен белгіленген мөлшерден аз болмайтындай таза кіріс есебінен қалыптастырады.
- 3.16. Банктің резервтік капиталы Банктің таза кірісінен аударымдар жасау арқылы құрылады. Аударымдар мөлшері Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында белгіленеді. Резервтік капиталдың ең төменгі деңгейі Директорлар Кеңесінің келісімі алдын ала алынған болса, Басқарманың шешімімен ұлғайтылуы мүмкін.
- 3.17. Егер қандай да болмасын төлемдердің нәтижесінде Банктің резервтік капиталы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерден азайса, Банк көрсетілген мөлшерге дейін резервтік капиталды толтыру үшін аударымдарды қайта бастауға міндетті. Резервтік капитал болжалданбаған шығындарды, артықшылықты акцияларға дивидендтер төлеу және, ағымдағы пайда жетпеген жағдайдағы, басқа да шығындарды жабуға қолданылады. Резервтік капиталды қолдану жөніндегі шешімді Банктің Директорлар Кеңесі қабылдайды.
- 3.18. Орналастырылған акцияларды сатып алу Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы белгілеген тәртібімен бекітілген Банк акцияларды сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне сәйкес, Банктің бастамасы бойынша акционерлердің келісімімен оларды кейін сату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға қайшы келмейтін басқа да мақсаттар үшін жүзеге асырыла алады.
- 3.19. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен және (немесе) осы Жарғымен басқаша көзделмесе Банктің бастамасы бойынша Банкпен орналастырылған акцияларды сатып алу Директорлар Кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.
- 3.20. Банк өзінің орналастырылған акцияларын төменде көрсетілген жағдайларда сатып алуға құқысыз:
- 3.20.1 бірінші Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізгенге дейін;
  - 3.20.2 акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіткенге дейін;
  - 3.20.3 егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншікті капиталы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен бекітілген жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінен азайса;
  - 3.20.4 егер акцияларды сатып алар сәтте Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлеуге қабілетсіз немесе дәрменсіз деп танылса, әлде көрсетілген белгілер барлық талап етілген немесе болжанған акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

3.20.5 егер сот немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаса;

3.21. Банктің бастамасы бойынша сатып алынатын оның орналастырылған акцияларының саны олардың жалпы санынан бір пайыз көп болса, акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін (мәмілесін) жасасқанға дейін ол осындай сатып алу жөніндегі ниетін өзінің акционерлеріне жариялауға міндетті.

3.22. Директорлар Кеңесінің шешімі және Банктің өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы хабарландыруы сатып алатын акцияларының түрлері, саны, бағасы, және оларды сатып алу мерзімі, шарттары туралы мәліметтерді қамтуы тиіс, сондай-ақ, хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

3.23. Егер Банктің акционерлері сатып алуға ұсынған орналастырылған акциялардың саны Банкпен сатып алуға жарияланған акциялар санынан көп болса, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына пропорционалды көлемде сатып алынады.

3.24. Орналастырылған акциялардың сатып алынуы төмендегі жағдайларда ұсынылатын Банк акционерінің талабы бойынша Банкпен іске асырылуы тиіс:

3.24.1 акционерлердің Жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешімді қабылдаған жағдайда (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе қарастырылған Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берген болса);

3.24.2 акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің акцияларын делистингі туралы шешімді қабылдаған жағдайда (егер акционер Акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса, немесе сол жиналысқа қатысып, көрсетілген шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берген болса);

3.24.3 сауда-саттықты ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаса;

3.24.4 ірі мәмілені жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы Банктің Жарғысымен және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен бекітілген тәртіпте қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда;

3.24.5 акционерлердің Жалпы жиналысында Банктің Жарғысына белгілі бір акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін (егер акционер осындай шешім қабылдаған акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осы жиналысқа қатысып, көрсетілген шешімге қарсы дауыс берсе) өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы шешімді қабылдаған жағдайда.

3.25. Банк акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен белгіленген тәртіпте бекітілген Банк акцияларды сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

3.26. Акционер акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар Кеңесі шешімді қабылдаған күннен бастап, немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы Банк акцияларын делистингі туралы шешімді қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде Банкке жазбаша өтінішін жіберу арқылы оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талабын Банкке ұсынуға құқылы.

3.27. Аталмыш өтінішті алған күннен бастап отыз күн ішінде Банк осы акционерден акцияларын сатып алуға міндетті.



3.28. Банкпен сатып алынатын орналастырылған акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан артық болмауы тиіс, ал Банктің орналастырылған акцияларын сатып алуға жұмсалатын шығындары оның меншікті капиталының он пайызынан аспауы тиіс:

3.28.1. акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алғанда – акционерлердің Жалпы жиналысы осы Жарғының 3.24 тармағында көрсетілген шешімдердің бірін қабылдаған күнгі жағдай бойынша;

3.28.2. Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алғанда – Банктің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешімді қабылдаған күнгі жағдай бойынша.

3.29. Банкпен сатып алынған акциялар оның акционерлерінің Жалпы жиналысында кворумды анықтағанда есепке алынбайды және дауыс беруге қатыспайды.

#### **IV. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.1. Акционерлер құқылы:

4.1.1 осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен көзделген тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;

4.1.2 дивидендтер алуға;

4.1.3 Осы Жарғымен және Акционерлер Жалпы жиналысымен анықталған тәртіпте Банктің қызметі туралы ақпаратпен, соның ішінде Банктің қаржылық есептерімен танысуға;

4.1.4 Банк тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;

4.1.5 Акционерлердің Жалпы жиналысына Директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсынуға;

4.1.6 Банктің органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

4.1.7 Дербес түрде немесе басқа акционерлермен бірігіп, Банктің дауысқа салынатын акцияларының бес және одан да артық пайызына иегер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74 баптарында көзделген жағдайларда, лауазымды тұлғалардың Банкке келтірген шығындарын Банкке қайтаруды, Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер (мәміле қабылдау туралы ұсыныстар) туралы қабылдаған шешімдері және (немесе) мүдделікті көздей отырып қабылдаған мәмілелерінің нәтижесінде түсірген пайдаларын (табыстарын) Банкке қайтарып берулерін талап ету үшін, өз атынан сот органдарына шағымдануға;

4.1.8 Банктен оның қызметі туралы жазбаша сұрату алуға және сұратылым Банкке түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн аралығында дәлелді жауаптар алуға;

4.1.9 Банк таратылған жағдайда мүлкінің бөлігін алуға;

4.1.10 Заңнама акттарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен белгіленген тәртіппен Банктің акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.



4.2. Артықшылық акциялардың меншік иелері – акционерлер, жай акциялардың меншік иелері - акционерлердің алдында осы Жарғымен алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивидендтерді алуға және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен бекітілген тәртіпте Банк таратылған жағдайда оның мүлкінің бөлігін алуға артықшылық құқығы бар.

Қоғамның артықшылық акцияларының мөлшері жарияланған акциялардың жалпы көлемінің жиырма бес пайызы мөлшерінен артық болмауы тиіс.

4.3. Артықшылық акция төмендегі жағдайлардан басқа жағдайларда акционерге Банкті басқаруға қатысу немесе акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге қатысу құқығын ұсынбайды:

4.3.1 Акционерлердің жалпы жиналысы шешімі артықшылық акцияларын иеленетін акционердің құқықтарын шектей алатын мәселені қараған жағдайда. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеуді жақтап орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылық акциялардың жалпы санының үштен екісінен кем емес дауыс берген жағдайда қабылданды деп саналады;

4.3.2 Егер Акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта құру, не тарату туралы мәселені қарайды;

4.3.3 Артықшылық акциялар бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш ай ішінде толық көлемде төленбеген жағдайда.

4.4. Артықшылық акциялардың меншік иесі болып табылатын Банк акционері акционерлердің қатысуымен өткізілетін акционерлердің кезекіт түрде Жалпы жиналасына қатысуға және қаралатын сұрақтарды талқылауға қатысуға құқылы.

4.5. Ірі акционер (оған (олардың жиынтығына) Банктің он және одан да көп дауыс беретін акцияларына ие бір акционер немесе араларында жасалған келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционер) сондай-ақ құқылы:

4.5.1 Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы шағым-талаппен сотқа жүгінуге;

4.5.2 Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес, Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды енгізуді Директорлар кеңесіне ұсынуға;

4.5.3 Директорлар Кеңесінің жиналысын шақыруды талап етуге;

4.5.4 өзінің есебінен аудиторлық ұйымының Банк аудитін жүргізуін талап етуге құқылы.

4.6. Банк акционері құқылы:

4.6.1 акцияларды төлеуге;

4.6.2 Банктің акция ұстаушыларының реестрлер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтерді өзгеруі жөнінде Банк тіркеушісін және осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын он күннің ішінде хабардар етуге;

4.6.3 Банк немесе оның қызметі туралы кәсіби, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпиялы ақпараттарды жария етпеуге;

- 4.6.4 Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және өзге заңнамалық акттармен белгіленген басқа міндеттерді орындауға міндетті.
- 4.7. Банк пен тіркеуші осы Жарғының 4.6 тармағының 4.6.2 тармақшасында белгіленген талабын акционердің орындамауының салдарына жауапкершілікті көтермейді.
- 4.8. Осы Жарғының 4.1. және 4.5. тармақтарында белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге рұқсат етілмейді.

## **V. ТАБЫСТАР, ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

- 5.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес салықтық және басқа да міндетті төлемдер бюджетке төленгеннен кейін Банктің меншігінде калатын таза табыс –Банк қорларын құруға, резервтік капитал қалыптастыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес акциялар бойынша дивидендтер төлеуге пайдаланылады.
- 5.2. Банктің жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімі - жылдық қорытынды бойынша акционерлердің Жалпы жиналысымен қабылданады. Дивидендтер - акциялардың санына пропорционалды түрде төленеді.
- 5.3. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауымен бірге, шешім қабылданған күннен кейінгі он жұмысшы күн аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында - «Егеменді Қазақстан» және «Казахстанская правда» - жариялауға құқылы.
- 5.4. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімі төмендегіден тұруы керек:
- 5.4.1 Банктің аты, орналасу мекені, банктік және басқа да деректемелері;
  - 5.4.2 дивидендтер төленетін кезең;
  - 5.4.3 бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшері;
  - 5.4.4 дивидендтер төлеудің басталған күні;
  - 5.4.5 дивидендтер төлеу тәртібі мен нысандары.
- 5.5. Дивидендтер төлеу туралы шешім - акционерлердің Жалпы жиналысымен Банктің жай акцияларының басым дауысымен қабылданған жағдайда ғана, Банктің акциялары бойынша дивидендтері ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу - Банк органының шешімін талап етпейді, оның Жарғының 5.6. п. қарастырылған жағдайларға ғана қатысы жоқ.
- Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толықтай төленбейінше, жай акциялар бойынша дивидендтер төленбейді. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер бағалы қағаздармен төленбейді.
- Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерін бағалы қағаздармен төлеу – бір ғана жағдайда - Банктің жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен акционердің жазбаша келісі бойынша жүзеге асырылады. Дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтер төленетін күннен бұрын жасалу керек.
- Акциялардан айыру туралы шартта басқа жағдайлар қарастырылмаған болса, дивидендтер төленбеген акциялардан айыру – оларды акциялардың жаңа иегерінің сатып алуымен жүзеге асырылады.
- Жарияланбаған және Банктің өзі сатып алмаған акцияларына, сондай-ақ, егер акционерлердің Жалпы жиналысы немесе соттың Банкті жою туралы шешімі болған жағдайда, дивидендтер есептелмейді де төленбейді.
- 5.6. Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді:

1) өзіндік капитал мөлшері нашар болса немесе Банктің өзіндік капиталының мөлшері акциялар бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде нашарлаған болса;

2) егер Банктің төлей алмаушылық талаптарының белгілері пайда болған немесе Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемдік мүмкіншілігі болмаған, немесе көрсетілген белгілер Банкте акциялар бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде болған жағдайда;

5.7. Банктің артықшылықты акциялары бойынша төленетін дивидендтер кезеңділігі – жылына екі рет, ал жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу – жылына бір рет аяқталған жылдың қорытындысы бойынша жүргізіледі.

5.8. Банктің артықшылықты акциялары бойынша төленетін дивидендтер мөлшері - осы кезеңдегі жай акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінен кем болмауы керек. Банктің бір артықшылықты акциясы бойынша төленетін дивиденд мөлшері – жылына 80,00 KZT (Сексен теңге), осы кезеңдегі жай акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінен артық жағдайды қоспағанда – ондай жағдайда бір артықшылықты акция бойынша төленетін дивиденд мөлшері бір жай акцияға төленетін дивиденд көлеміне тең болады.

5.9. Банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу мақсатында Банк резервтік капитал қалыптастыруға міндетті. Резервтік капитал - жай акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейін Банктің таза табыс есебінен жасалады. Банк резервтік капиталды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілетті органның нормативтік құқықтық актілері бекіткен тәртібі мен шарттары бойынша қалыптастырады.

5.10. Банк өзінің қызметін сенімді және тиісті қадағалау деңгейімен қамтамасыз ету мақсатында жүргізетін операциялардың масштабы мен сипатына сәйкес күмәнді және сенімсіз талаптарды айқындай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай өкілетті органдар белгілеген шарттар мен тәртіп бойынша оларға қарсы провизияларды (резервтерді) құра отырып, берілген кредиттер мен басқа активтерді топтастарды.

## **VI. БАНКТІ БАСҚАРУ**

6.1. Банк Органдары болып саналады:

6.1.1 Акционерлердің Жалпы жиналысы;

6.1.2 Банктің Директорлар Кеңесі («Директорлар Кеңесі»);

6.1.3 Банк Басқармасы («Басқарма»);

6.1.4 Ішкі аудит Тобы.

6.1.5 Банктің корпоративтік хатшысы («Корпоративтік хатшы»).

Корпоративтік хатшы — Директорлар Кеңесі мен Басқармаға мүше емес, Директорлар кеңесімен тағайындалған және Директорлар Кеңесіне есеп беретін Банк қызметкері болып табылады. Корпоративтік хатшы өз қызметінің аясында акционерлер жиналысы мен Директорлар Кеңесінің мәжілістерін дайындауға, өткізуге қадағалау жасайды, акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібі бойынша материалдармен және Директорлар Кеңесінің мәжілістерін материалдармен қамтамасыз етеді, оларға қол жетімділікті қадағалап отырады. Корпоративтік хатшының компетенциясы мен қызметі қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6.2. Егер Банктің дауысқа салынатын барлық акциялары бір-ақ акционерге тиесілі болса, онда акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен осы Жарғы бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдерді акционердің өзі ғана қабылдайды, және басымды акциялармен расталған құқықтарға шектеу немесе қысым жасамаған жағдайда ғана бұл шешімдер жазбаша түрде рәсімделуге жатады.

Егер Банктің дауысқа салынатын барлық акцияларының акционері немесе иегері заңды тұлға болса, онда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен осы Жарғыда көрсетілген акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдерді заңды тұлғаның органы, лауазымды тұлғалары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен заңды тұлғаның жарғысына сәйкес құқыққа ие қызметкерлер ғана қабылдай алады.

6.3. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып екіге бөлінеді. Банк жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары - кезектен тыс өткізілген жиналыстар болып саналады.

6.4. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында:

6.4.1 Банктің жылдық қаржылық есебі бекітіледі;

6.4.2. өткен қаржылық жыл ішіндегі Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері белгіленеді;

6.4.3. Банктің іс-әрекеттері мен лауазымды тұлғаларының қызметі туралы акционерлердің шағымдары және оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселелер қаралады.

6.5. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысы - Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген уақыт аралығында Басқарманың орналасқан мекен жайында өтуі тиіс.

6.6. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысы - Директорлар Кеңесімен шақырылады. Банктің органдары акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысын өткізудің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысы - кез-келген мүдделі тұлғаның шағымы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізіледі.

6.7. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы – Директорлар Кеңесінің немесе кез-келген ірі акционердің ынтасы бойынша шақырылады. Банктің органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы талаптарын орындамаған жағдайда, акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы – Банктің ірі акционерінің шағымы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізіледі.

6.8. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді жүзеге асыратындар:

6.8.1 Басқарма;

6.8.2 Қабылданған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;

6.8.3 Директорлар Кеңесі;

6.8.4 Банктің тарату комиссиясы .

6.8.5 Корпоративтік хатшы.

6.9. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген жағдайларды есептемегенде, акционерлердің Жалпы жиналысын шақыруға, дайындауға және өткізуге байланысты шығындарды Банк көтереді.

6.10. Жалпы жиналыс өткізу туралы отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал аралас немесе сырттан дауыс беру жағдайында – жиналыс өткізуден қырық бес күнтізбелік күн бұрын кешіктірілмей, акционерлерге хабарлау керек.

6.11. Жалпы жиналыс өткізу туралы хабарлама - бұқаралық ақпарат құралдарында - «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» сияқты газеттерде жариялануы немесе акционерлерге жіберілуі тиіс.

6.12. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде миноритарлық акционер өз акцияларын басқа акционерлердің акцияларымен біріктіру туралы Банктің тіркеушісіне өтініш білдіруіне құқылы.

6.13. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы Хабарламаның құрамында болуға тиіс мәліметтер :

6.13.1 Банктің толық атауы және Басқарманың орналасу мекені;

6.13.2 Жиналысты шақырушы туралы мәліметтер;

6.13.3 акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілу күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу уақытының басталуы, сонымен қатар егер бірінші жиналыс өткізілмей қалса, онда акционерлердің Жалпы жиналысының екінші мәрте өткізілу күні, уақыты;

6.13.4 акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін жасау күні;

6.13.5 акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;

6.13.6 акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде көтерілген мәселелердің материалдарымен Банктің акционерлерін таныстыру тәртібі.

6.14. Акционерлердің Жалпы жиналысын екінші мәрте өткізу – акционерлердің алғашқы мәрте (өткізілмей қалған) Жалпы жиналысын өткізуге белгіленген күннен кейінгі күннен ерте болмауы керек. Акционерлердің екінші мәрте өткізілетін Жалпы жиналысы – сол жиналыс өтпей қалған жерде жүргізілуі тиіс. Акционерлердің екінші мәрте өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібі – өтпей қалған жиналыстың күн тәртібінен ауытқымауы керек.

6.15. Егер акционерлер немесе акционерлердің тізіміне енгізілген, жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқығы бар акционерлердің өкілдері, Банктің елу және одан да көп дауысқа салынатын акцияларының иегерлері жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде тіркелген болса, акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастырып, шешімдер қабылдай алады.

6.16. Жиналысқа келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу - акционерлердің Жалпы жиналысын ашуға дейін жүргізеді. Акционердің өкілі, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттілігін растаушы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген сенімхат ұсынады.

Акцияларының жиынтығы Банктің он және одан да көп акцияларынан тұратын ірі акционердің және (немесе) акционерлердің өкілі, жалпы жиналыстың әрбір мәселесі бойынша сенімхатта көрсетілген акционердің (акционерлердің) шешіміне сәйкес

акционердің (акционерлердің) жазбаша нұсқауы болған жағдайда ғана акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқы бар.

Акцияларының жиынтығы Банктің он және одан да аз акцияларынан тұратын акционер және (немесе) акционерлердің өкілі, жалпы жиналыстың әрбір мәселесі бойынша акционердің (акционерлердің) мүдделерін сенімхаттағы жазбаша нұсқаусыз-ақ білдіруге құқылы.

6.17. Занды тұлғаның өкілдеріне акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге берілетін сенімхатқа нотариалдық растама талап етілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен шарт бойынша акционер атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасауға және оның мүддесін білдіруге құқықты тұлғасынан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылған мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

6.18. Тіркелмеген акционер (акционердің өкілі), кворумды анықтауда есепке алынбайды және оның дауыс беруге құқы жоқ.

6.19. Акционерлердің Жалпы жиналысы жарияланған уақытта, кворум жиналғанда ашылады.

6.20. Жиналыстың ашылу уақытының өзгеруіне қарсы емес жағдайлардан басқа жағдайларда акционерлердің Жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелгеннен, хабарланғаннан кейін жарияланған уақыттан бұрын ашыла алмайды.

6.21. Акционерлердің Жалпы жиналысы - (Төралқа) төрағасын және акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысын сайлайды.

6.22. Акционерлердің Жалпы жиналысы - ашық немесе жасырын түрде ( бюллетеньдер бойынша) жүргізілетін сайлау түрін анықтайды. (Төралқа) төрағасын және акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысын сайлауға дауыс беруде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешімдер қатысушылардың басымдылық дауыстарымен қабылданады.

6.23. Басқарма мүшелері жиналыстың барлық қатысушылары Басқармаға енген кезде болмаса, акционерлердің Жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды.

6.24. Акционерлердің Жалпы жиналысын жүргізу барысында жиналыс Төрағасы қарастырылып отырған мәселелер бойынша жарыссөзді тоқтату, сонымен бірге дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуды ұсына алады.

6.25. Мәселелер бойынша жарыссөздер аяқталғанда немесе акционерлердің Жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкелетін жарыссөздер болған басқа жағдайлардың бәріне Төраға күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға құқылы тұлғалардың сөйлеуіне кедергі жасауға құқылы емес.

6.26. Акционерлердің Жалпы жиналысы - жиналыс жүргізуге, үзіліс жасауға, жұмыс уақытын ұзартуға, соның ішінде жиналыстың күн тәртібіндегі жекеленген мәселелерді талқылауды келесі күнге қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.27. Жиналыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер қарастырылып, шешімдер қабылданғаннан кейін акционерлердің Жалпы жиналысын жабық деп жариялауға болады.

6.28. Акционерлердің Жалпы жиналысының Хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы, растығы үшін акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы жауап береді.

6.29. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы тәртіппен, сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.

6.30. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру - "бір акция – бір дауыс" принципі бойынша жүргізіледі, тек төмендегі жағдайлар саналмайды:

6.30.1 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің жағдайларында көзделгендей бір акция бойынша акционерге берілетін мүмкінді дауыстар санына шектеу жасау;

6.30.2 Директорлар Кенесін сайлау кезінде жиынтық дауыс беру;

6.30.3 акционерлердің Жалпы жиналысын жүргізудің процедуралық мәселелері бойынша акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құқы бар әрбір тұлға үшін бір ғана дауыс беру.

6.31. Акционер акциялар бойынша жиынтық дауыс беруде Директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттың біреуіне толықтай дауыс береді немесе Директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың бірнешеуіне дауыс бере алады. Ең көп дауысқа ие болған кандидаттар, Директорлар Кеңесінің мүшелігіне сайланған болып табылады.

6.32. Егер акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру - көзбе-көз тәртіппен, жасырын түрде жүргізілетін болса, онда әрбір мәселе бойынша жеке-жеке осындай дауыс беру бюллетеньдері жасалу керек (ары қарай осы пунктте – көзбе-көз жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер), осы бюллетеньдер бойынша дауыс беру жасырын түрде жүргізіледі. Мұндай жағдайда көзбе-көз жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер құрамы төмендегідей болуы керек:

6.32.1 мәселенің аты және жиналыстың күн тәртібіндегі реттік саны ;

6.32.2 "ия", "қарсы", "бейтарап" сөздерімен бейнеленген мәселе бойынша дауыс беру түрлері, немесе Банк органына кандидаттың әрқайсысы үшін дауыс беру түрлері;

6.32.3 акционерге тиісті дауыс саны.

6.33. Акционер өз қалауымен бюллетеньге қол қойғысы келген жағдайда, сонымен бірге өзіне тиесілі акцияларды Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Банктен сатып алуды талап еткен жағдай болмаса, акционер көзбе-көз жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды

6.34. Көзбе-көз жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді санау кезінде бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған мәселелер бойынша ғана және дауыс берудің атап көрсетілген мүмкінді бір варианты бойынша берілген дауыстар ғана есепке алынады.

6.35. Дауысқа қойылған мәселе бойынша акционердің ерекше пікірі болған жағдайда, санақ комиссиясы, егер ол болмаса, Банктің корпоративтік хатшысы тиісті жазбаны хаттамаға ендіруге міндетті.

6.36. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауысқа салу туралы Жалпы жиналысының барысында айтылады.

6.37. Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттан дауыс беру қорытындылары акционерлерге бұқаралық ақпарат құралдарында - «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жариялану арқылы немесе акционерлердің Жалпы жиналысы аяқталған кезден бастап он күн ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізіледі.

6.38. Жиналыс аяқталған кезден бастап үш жұмысшы күн ішінде акционерлердің Жалпы жиналысының Хаттамасы жасалуы және оған қол қойылуы керек.

6.39. Акционерлердің Жалпы жиналысының Хаттамасында көрсетілу керек:

6.39.1 Банктің толық атауы және Басқарманың орналасу орны;

6.39.2 акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және өткізу орны;

6.39.3 Банктің акционерлердің Жалпы жиналысында дауысқа салуға ұсынылған акцияларының саны туралы мағлұматтар;

6.39.4 акционерлердің Жалпы жиналысының қворумы;

6.39.5 акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;

6.39.6 акционерлердің Жалпы жиналысындағы дауыс беру тәртібі;

6.39.7 акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (төралқа) және хатшысы;



- 6.39.8 акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушылардың арасынан шығып сөйлеуші тұлғалар;
- 6.39.9 акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде дауысқа салынатын әрбір мәселесі бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны ;
- 6.39.10 дауысқа салынатын мәселелер, олар бойынша дауыс беру нәтижелері;
- 6.39.11 акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

6.40. Жалпы жиналыста Директорлар Кеңесін (Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау мәселесі қарастырылатын болса, акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар Кеңесіне сайланған мүшенің қай акционердің өкілі екендігі және (немесе) Директорлар Кеңесіне сайланған мүшелердің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетіледі. Егер Директорлар Кеңесіне кандидат акционер немесе Қазақстан Республикасының «Акционерлер туралы» Заңының 54 бабының 3 пунктіне сәйкес жеке тұлға болатын болса, онда акционерлер тізімін жасаған күнгі Банктің дауысқа салынатын акцияларына акционердің қосқан үлесі туралы мәліметтер акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына енгізіледі»;

6.41. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қол қояды:

- 6.41.1 Төраға (төралқа) және акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы;
- 6.41.2 Банктің он және одан астам акцияларына иегер және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушы акционерлер ;
- 6.41.3 Санақ комиссиясының мүшелері.

6.42. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, хаттамаға оның өкілімен берілген сенімхат негізінде қол қоя алады.

6.43. Осы Жарғының 6.41 пунктінде көрсетілген тұлғалардың бірі хаттаманың мазмұнымен келіспейтін жағдайда, хаттамаға тіркелетін бас тарту себептері көрсетілген, жазбаша түсініктемені ұсына отырып, бұл тұлғаның қол қоядан бас тартуға құқы бар.

6.44. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы - дауыс беру нәтижелерінің хаттамасымен, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін берілген сенімхаттармен, сонымен қатар қол қойылған хаттамамен және хаттамаға қол қоядан бас тарту себептері жазылған жазбалармен бірге тігіледі.

6.45. Осы Жарғының 6.44 пунктінде көрсетілген құжаттар атқарушы органмен сақталуға және танысу мақсатында акционерлерге кез-келген уақытта берілуге тиісті. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі акционердің талап етуі бойынша беріледі.

6.46. Акционерлердің Жалпы жиналысының ғана құзырына жататын мәселелер:

- 6.46.1 Банктің Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 6.46.2 Банктің ерікті түрде қайта құрылуы (мәселен, бірігуі, ұйымдастырушы-құқықтық формасының өзгеруі ) немесе жойылуы;
- 6.46.3 Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы қабылданған шешімдер немесе Банктің жарияланып орналастырылмаған акцияларының түрлерінің өзгеруі;
- 6.46.4 Банктің бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі мен шарттарын, сонымен бірге өзгеруін белгілеу;
- 6.46.5 Санақ комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату

- 6.46.6 Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары мен мөлшерлерін белгілеу ;
- 6.46.7 Банкке аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу ;
- 6.46.8 жылдық қаржылық есептілікті бекіту ;
- 6.46.9 есептік кезең аралығындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 6.46.10 Қазақстан Республикасының «Акционерлер туралы» Заңының 22 бабының 5 пунктінде көрсетілген жағдайлар туындағанда Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденттерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 6.46.11 Банк акцияларына ерікті делистинг туралы шешім қабылдау ;
- 6.46.12 Банкке тиесілі активтердің барлығының жиырма бес және одан да астам пайыз сомасын құрайтын активтерін немесе активтерінің бірнеше бөлігін тапсыру арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруы және олардың қызметіне қатысуы жөнінде шешім қабылдау;
- 6.46.13 Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудың хабарламасының формасын анықтау және мұндай ақпараттарды бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 6.46.14 Қазақстан Республикасының «Акционерлер туралы» Заңына сәйкес қоғамның акцияларды сатып алудағы акция құнын анықтау әдісіне енгізілген өзгерістерді бекіту (егер әдіс құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса);
- 6.46.15 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 6.46.16 Корпоративтік басқару кодесін бекіту, сонымен қатар оған өзгерітер мен толықтырулар енгізу;
- 6.46.17 Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына немесе Жарғыға сәйкес шешімдер қабылдау - тек акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына ғана жататын өзге мәселелер...»

6.47. Осы Жарғының 6.46.1, 6.46.2, 6.46.3 және 6.46.16 тармақшаларындағы мәселелер бойынша шешімдер - Банктің дауысқа салынатын акцияларының жалпы санының басым көпшілігімен қабылданады

6.48. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен басқа жағдай көзделмеген болса, онда акционерлердің Жалпы жиналысының басқа мәселелері бойынша шешімдер – дауыс беруге қатысушы Банктің дауысқа салынатын акцияларының жалпы санының басым бөлігімен қабылданады.

6.49. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде басқа жағдай қарастырылмаған болса, онда акционерлердің Жалпы жиналысының ғана шешім қабылдау құзырына жататын мәселелерді басқа органның, Банктің лауазымды тұлғасының, қызметкерінің құзырына тапсыруға болмайды.

6.50. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің өзге органдарының ішкі қызметке байланысты қабылдаған кез-келген шешімін күшінен айыруға құқылы.

6.51. Директоралар Кеңесі Банктің қызметіне жалпы басшылық етеді, тек Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Жарғы бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының ғана құзырына жатқызылған мәселелерге шешім шығармайды.

6.52. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен осы Жарғыда басқа жағдай көрсетілмесе, онда төмендегі мәселелер тек қана акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына жатады:

6.52.1 Банк қызметінің басымды бағыттарын айқындау;

6.52.2 акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

6.52.3 жарияланған акциялар көлемінде акцияларды орналастыру (сату), туралы, оның ішінде орналастырылушы (сатылушы) акциялар саны, оларды орналастыру (сату), тәсілі мен бағалары бойынша шешімдер қабылдау;

6.52.4 Банктің орналастырған акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және олардың сатылымдық бағалары туралы шешімдер қабылдау;

6.52.5 Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекітуі;

6.52.6 Банктің облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығару туралы шарттарын анықтау;

6.52.7 Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу және Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сонымен бірге олардың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы;

6.52.8 қызметтік жалақылар мөлшерін және еңбек төлеу шарттарын, Басқарманың Төрағасы мен мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшерін белгілеу;

6.52.9 ішкі аудит Тобының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен бірге өкілеттіктің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, ішкі аудит Тобының тәртібін, еңбек төлеу мөлшері мен ішкі аудит Тобының қызметкерлеріне сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;

6.52.10 корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, өкілеттіктің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, корпоративтік хатшының қызметтік жалақысының мөлшерін және оған сыйақы төлеудің шарттарын белгілеу;

6.52.11 аудиторлық ұйымның, ірі мәміленің пәні болып табылатын жылжымалы мүлікті бағалау жөнінде бағалаушының атқарған қызметінің мөлшерін белгілеу;

6.52.12 Банктің ішкі қызметтерін реттеуші құжаттарын бекіту (Банктің жұмысын ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттардан басқа), соның ішінде аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарын жаздырып алу тәртібі мен шарттарын белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

6.52.13 Банктің филиалдары мен өкілдіктерін ашып-жабу және олар туралы жағдайларды бекіту;

6.52.14 Банктің заңды тұлғалардан (жарғылық капиталдағы үлеспен) он және одан астам пайыз акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдауы;

6.52.15 Банкке тиесілі (жарғылық капиталдағы үлеспен) он және одан астам пайыз акцияларына ие заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзырына жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау;

6.52.16 Банк міндеттемесін Банктің өзіндік капиталының он және одан астам пайызына ұлғайту;

6.52.17 Банктің бұрынғы тіркеушісімен жасалған шарт бұзылған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;

6.52.18 қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияларын құрайтын Банк және оның қызметі туралы ақпараттарды анықтау;

6.52.19 ірі мәмілелер және Банк мүддесі болып табылатын мәмілелер қабылдау туралы шешімдер қабылдау;

6.52.20 комплаенс бөлімінің қызметіне бақылау жасау және ол туралы жағдайды бекіту;

6.52.21 комплаенс-бақылаушының өкілеттік мерзімін белгілеу, өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуды белгілеу, сонымен бірге оның қызметтік жалақысының мөлшерін және оған сыйақы төлеудің шарттарын белгілеу;

6.52.22 Банк туралы, бюджетті орындау, провизияларды қалыптастыру, Банктің несиелік портфелінің жағдайы, бағалы қағаздар портфелі, депозиттік портфель, бағалы қағаздар шығару арқылы қаржы тарту, синдицияланған несиелер, клубтық мәмілелер, еврооблигациялар және тағы басқа мәселелер туралы Басқарманың есептерін қарастыру ;

6.52.23 тексерістердің нәтижелері туралы ішкі аудит Тобының есептерін қарастыру;

6.52.24 тәуелсіз аудиторлар анықтаған бұзушылықтарды жою бойынша бақылау жүргізуді жүзеге асыру;

6.52.25 қызметтің бағыттарын ашып-жабуды қоса, жалпы коммерциялық саясатты жасап бекіту;

6.52.26 Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен осы Жарғыда көзделген, акционерлердің Жалпы жиналысының ғана құзырына жатпайтын өзге де мәселелер.

6.53. Қазақстан Республикасының өкілеттік органымен бекітілген нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Директорлар Кеңесі Банкте тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыруды және жүзеге асыруды қадағалайды.

6.54. Директорлар Кеңесінің ғана құзырына жататын мәселелер Басқармасының шешім қабылдауына тапсырылмайды. Директорлар Кеңесі осы Жарғы бойынша Басқарманың құзырына жататын, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

6.55. Директорлар Кеңесі тиісті:

6.55.1. Лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі потенциалдық конфликтерді, соның ішінде Банктің меншіктерін құқықсыз қолдану және мәмілелер қабылдау кезінде теріс мүддені көздеу жағдайларын бақылап, мүмкіндігінше жойып отыруға;

6.55.2. Банкте корпоративтік басқару тәжірибесін тиімді пайдалану бойынша бақылау жасауды жүзеге асыруға.

6.56. Директорлар Кеңесі бір несие алушы /аффилиирленген компаниялардың бір тобы үшін кредит беру мәселелері бойынша өкілеттік шектеу орнатады, Басқарма осы шектеу аясында Директорлар Кеңесінің мүшелерінің қатысуынсыз-ақ шешім қабылдай алуға құқылы болып табылады

6.57. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімін, оның мүшелерінің сайлануын және олардың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуын акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді.

6.58. Тек жеке тұлға ғана Директорлар Кеңесіне мүше бола алады. Директорлар Кеңесіне мүшелер төмендегілерден сайланады :

6.58.1. акционерлерден -жеке тұлғалардан;

6.58.2. Директорлар Кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлануға ұсынылған тұлғалардан;

6.58.3. басқа тұлғалардан (осы Жарғының 6.60 пунктінде белгіленген шектеулерді есепке алғанда).

6.59. Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау жиынтықты дауыс берумен жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысын толықтай бір кандидатқа немесе Директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың бірнешеуіне бере алады. Ең көп дауыс алған кандидаттар - Директорлар Кеңесінің мүшелігіне сайланған болып табылады. Директорлар Кеңесіне мүшелікке ұсынылған

кандидаттардың екеуі немесе одан да астамы тең дауысқа ие болған жағдайда, бұл кандидаттар бойынша қосымша дауыс беру жүргізіледі.

- 6.60. Директорлар Кеңесіне акционердің өкілі ретінде ұсынылмаған, Банк акционері емес, жеке тұлға - Директорлар Кеңесінің мүшелігіне сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны - Директорлар Кеңесінің құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.
- 6.61. Төрағадан басқа, Басқарма Мүшелері - Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы - Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
- 6.62. Директорлар Кеңесінің сандық құрамы (3) мүшеден кем болмауы керек. Директорлар Кеңесінің мүшелерінің үштен бірінен кем емес санын тәуелсіз директорлар құрауы тиіс.
- 6.63. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланатын мүшелерге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
- 6.64. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда басқа жағдай қарастырылмаған болса, онда Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлануы мүмкін.
- 6.65. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі - жаңа Директорлар Кеңесін сайлайтын акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталған болып табылады.
- 6.66. Акционерлердің Жалпы жиналысы - Директорлар Кеңесінің барлық мүшелерінің немесе жеке бір мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 6.67. Өкілеттікті Директорлар Кеңесінің бір мүшесінің ынтасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату - Директорлар Кеңесіне жазбаша хабарлама жіберу негізінде жүзеге асырылады.
- 6.68. Директорлар Кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі - Директорлар Кеңесі жазбаша хабарлама алған кезден бастап тоқтатылады.
- 6.69. Директорлар Кеңесіне мүшенің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесі - акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған жиынтықты дауыспен сайланады, мұндай жағдайда Директорлар Кеңесіне жаңадан сайланған мүшенің өкілеттігі – жалпы алғанда Директорлар Кеңесінің өкілеттігінің аяқталу кезімен бірдей кезде аяқталады.
- 6.70. Директорлар Кеңесінің Төрағасы ашық дауыс беру арқылы, Директорлар Кеңесінің жалпы санының басым көпшілігінің даусымен, Директорлар Кеңесінің мүшелерінің арасынан сайланады.
- 6.71. Директорлар Кеңесі Төрағаны кез-келген уақытта қайта сайлап алуға құқылы.
- 6.72. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, мәжілістерін жүргізеді, сонымен бірге Банктің Жарғысында белгіленген басқа да қызметтерді атқарады.
- 6.73. Директорлар Кеңесінің Төрағасы жұмыста болмай қалған кезде, оның қызметін Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесінің бір мүшесі атқарады.
- 6.74. Директорлар Кеңесінің мәжілісі - Төрағаның ынтасымен немесе Басқарманың талабы бойынша шақырылады:
- 6.74.1 Директорлар Кеңесінің кез-келген мүшесінің;
  - 6.74.2. Банктің ішкі аудит Тобының;
  - 6.74.3. Банкке аудит жүргізуші аудиторлық ұйымның;
  - 6.74.4. Ірі акционердің.
- 6.75. Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талаптар - Директорлар Кеңесінің мәжілісіне ұсынылған күн тәртібін көрсете отырып, жазбаша хабарламаны тиісті түрде жіберу арқылы жүзеге асырылады.

6.76. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақырудан бас тартқан жағдайда, ынталы тұлға Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті Басқармаға осындай талаппен өтініш білдіруге құқылы.

6.77. Директорлар Кеңесінің мәжілісі - Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап түскен кезден бастап Директорлар Кеңесінің Төрағасымен немесе Басқармамен күнтізбелік он күннен кем емес мезгілде шақырылуы тиіс. Директорлар Кеңесінің мәжілісі - міндетті түрде осындай талап білдірген тұлғаның қатысуымен жүргізіледі.

6.78. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібі Директорлар Кеңесімен, ал «алтын акциялар» иесіне хабарлама жіберу – Банктің Жарлығымен белгіленеді.

6.79. Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша материалдар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізуден жеті күнтізбелік күн бұрын жіберіледі.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделі мәміле қабылдау туралы шешім қабылдайтын мәселелер қарастырылғанда, мәміле туралы ақпарат - мәміленің мерзімінен, орындалу шарттарынан, қатысушы тұлғалардың сипаттары мен қатыстық үлестерінен, сондай-ақ бағалау есебінен (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 69 бабының 1 пунктінде көзделген жағдайда) тұруы керек.

6.80. Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар Кеңесінің мәжілісіне қатыса алмайтындығы туралы Басқармаға ертерек хабарлауы тиіс.

6.81. Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум - Директорлар Кеңесінің жалпы санының жартысынан кем болмауы керек.

6.82. Директорлар Кеңесінің мүшелерінің жалпы саны кворумға жетпеген жағдайда, Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар Кеңесі акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруы керек. Директорлар Кеңесінің басқа мүшелері осындай кезектен тыс акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.83. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен осы Жарғыда басқа жағдай қарастырылмаған болса, онда Директорлар Кеңесінің шешімдері - Директорлар Кеңесінің жиналысқа қатысушы мүшелерінің басым көпшілігінің жай дауыс беруімен қабылданады. Директорлар Кеңесінің мәжілісіне қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен Банктің жарғысында белгіленген тәртіпті бұза қабылдаған Директорлар Кеңесінің шешімдеріне қарсы болған Директорлар Кеңесінің мүшесі сол мәселе туралы сот жүзінде дауласуға құқылы.

Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен Банктің жарғысында белгіленген талаптарды бұза қабылдаған Директорлар Кеңесінің шешімдері Банктің және (немесе) акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін аяқ асты ететін болса, онда акционер бұл шешімдер туралы сот жүзінде дауласуға құқылы.

6.84. Дауыстар теңдей түскен жағдайда, Директорлар Кеңесінің Төрағасының немесе Директорлар Кеңесінің мәжілісінде төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешімді дауыс болып табылады. Бұл құқық - Директорлар Кеңесінің басқа мүшелеріне тапсырылуға тиіс емес.

6.85. Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің мүшелері ғана қатысатын жабық мәжіліс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.86. Директорлар Кеңесінің мәжілістері - Банктің орналасқан заңды мекен жайы бойынша да, Қазақстан Республикасының кез-келген аумағы мен одан тыс жерлерде де жүргізіле алады.

6.87. Директорлар Кеңесінің мәжілістері - Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері мәжіліс процессінде бір-бірін көріп, тыңдауға болатын видеоконференция түрінде жүргізіле алады.

- 6.88. Директорлар Кеңесі сырттан дауыс беру арқылы да шешімдерді қабылдай алуға құқылы.
- 6.89. Кворум бюллетеньдерде белгілеген мерзімде сырттан дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер ғана қабылданған болып танылады.
- 6.90. Сырттан дауыс беру кезінде Директорлар Кеңесінің мүшелеріне дауыс беруге арналған бірдей үлгідегі бюллетеньдер жіберіледі (таратылады). Дауыс беру бюллетеньдерін Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесінің дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында таңдамалы түрде жіберуге болмайды.
- 6.91. Сырттан дауыс беру бюллетеньдерінің құрамы:
- 6.91.1. Банктің толық атауы және Басқарманың орналасу мекені;
  - 6.91.2. Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруға ынталы тұлға туралы мағлұматтар;
  - 6.91.3. Сырттан дауыс беру бюллетеньдерін жіберудің соңғы күні;
  - 6.91.4. Директорлар Кеңесі мәжілісінің өткізілу күні;
  - 6.91.5. Күн тәртібі;
  - 6.91.6. Дауысқа салынатын мәселелердің аталуы;
  - 6.91.7. Күн тәртібіндегі әрбір мәселе туралы «ия», «қарсы», «бейтарап» сөздерімен берілген дауыс беру варианттары;
  - 6.91.8. Күн тәртібіндегі әрбір мәселе туралы ( бюллетень толтыру) дауыс беру тәртібін түсіндіру.
- 6.92. Директорлар Кеңесінің мүшесі тұлғаны куәләндіруші құжаттың мәліметтерін көрсете отырып, сырттан дауыс беру бюллетеніне қол қоюы тиіс.
- 6.93. Директорлар Кеңесінің сырттай мәжілісін жүргізу туралы шешім жазбаша түрде рәсімделуі тиіс және оған Директорлар Кеңесінің Төрағасы мен хатшысының қолы қойылуы керек.
- 6.94. Шешімдер, рәсімделген кезден бастап жиырма күн аралығында – осы шешімдерді қабылдауға негіз болған бюллетеньдерді қоса отырып, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне таратылуы тиіс.
- 6.95. Директорлар Кеңесінің көзбе-көз мәжілісінде қабылданған шешімдер - мәжіліс өткізілген күннен бастап үш күн аралығында мәжілісте төрағалық еткен тұлға мен Директорлар Кеңесінің хатшысы жасаған және олардың қолдары қойылған хаттамамен рәсімделеді және төмендегілерден тұрады:
- 6.95.1. Банктің толық атауы және Басқарманың орналасу орны;
  - 6.95.2. мәжілістің өткізілетін күні, уақыты және орны;
  - 6.95.3. мәжіліске қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
  - 6.95.4. мәжілістің күн тәртібі;
  - 6.95.5. дауысқа салынатын мәселелер, Директорлар Кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыстау қортындылары;
  - 6.95.6. қабылданған шешімдер;
  - 6.95.7. Директорлар Кеңесінің шешімдері бойынша өзге мәліметтер.
- 6.96. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе Директорлар Кеңесінің пікірі бойынша болуы қажет деп табылған жағдайда, Директорлар Кеңесі кез-келген комитетті құра алады. Осы мәселемен айналысуға тиісті кәсіби білімі бар сарапшылар



Директорлар Кеңесінің мүшелері бола алады. Басқарма Төрағасы - Директорлар Кеңесінің Төрағасы бола алмайды. Директорлар Кеңесінің комитеттерін құру тәртібі мен олардың жұмысы, сандық құрамы – Директорлар Кеңесінің осындай комитеттер туралы бекіткен жағдайлармен белгіленеді.

6.97. Басқарма Банк жұмысының ағымдық қызметіне басшылық етеді және оның тиімді жұмыс атқаруы үшін жауапкершілік алады.

6.98. Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

6.99. Басқарма Банк атынан әрекет етеді, оның мүдделерін танытады, Банк атынан мәлілелер жасайды, штаттар бекітеді, шешімдер (бұйрықтар) шығарады, Банктің барлық қызметкерлері атқаруға міндетті нұсқаулар береді.

6.100. Басқарма шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оған мәжіліске қатысушы Басқарманың барлық мүшелерінің қолдары қойылады, хаттама дауысқа салынған мәселелерден, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әр мүшесінің берген дауыс қорытындыларынан тұрады.

6.101. Акционерлер мен Банктің қызметкерлері - Басқарма Мүшелері бола алады. Банктің ірі акционері - Басқарма Төрағасының қызметіне тағайындала (сайлана) алмайды.

6.102. Басқарманың қызметтері, құқықтары мен міндеттері - Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен, осы Жарғымен, Банк пен тиісті тұлға арасында қабылданған еңбек шартымен айқындалады. Басқарма Төрағасы қабылдайтын еңбек шартына Банк атынан Директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі өкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарма мүшелерімен қабылданатын еңбек шартқа Басқарма Төрағасы қол қояды.

6.103. Басқарма мүшелері басқа ұйымдарда тек Директорлар Кеңесінің ғана рұқсатымен жұмыс істей алуға құқылы. Басқарма Төрағасының атқарушы органның басшысы болуға, басқа заңды тұлғаның жеке дара атқарушы орган қызметін жүзеге асырушы тұлғасы болуға құқығы жоқ.

6.104. Басқарманың құзырына - акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар Кеңесінің, Банктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзырына ғана жататын мәселелерден басқа, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, осы Жарғымен және акционерлердің Жалпы жиналысымен және/немесе Директорлар Кеңесі қабылдаған Банктің ішкі құжаттарымен айқындалған, Банк жұмысын қамтамасыз етуші барлық мәселелер жатады.

6.104.1. Банк жұмысының басымды бағыттарын, перспективтік жоспарларын және негізгі даму бағдарламаларын жасау және Директорлар Кеңесіне ұсыну, оның ішінде жылдық бюджет пен Банктің инвестициялық бағдарламалары, олардың атқарылуы туралы есептерді дайындау, сонымен қатар Банк өмірінің ағымдық жоспарларын жасау және бекіту;

6.104.2. Банктің перспективтік, ағымдық жоспарлары мен бағдарламаларын, инвестициялық, қаржылық, және өзге де жоспарларын ұйымдастыру;

6.104.3. акционерлердің Жалпы жиналысы және/немесе Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдерді жүзеге асыру;

6.104.4. Банк жұмысын ұйымдастыру мақсатында ішкі құжаттар қабылдау.

6.105. Банктің ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің дәйектілігі туралы талаптарының аясында, Банктің ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын өкілетті органның нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес талаптарды Басқарма ендіреді және орындайды.

6.106. Басқарма мәжілісі қажеттілікке байланысты өткізіледі, оларды Басқарма Төрағасы жүргізеді, ал ол болмай қалған кезде Басқарма жұмысына Басқарма Төрағасы тағайындаған Басқарма мүшесінің біреуі басшылық етеді.

6.107. Басқарма мүшелері өз міндеттерін Басқарма туралы Жағдайдың, осы Жарғының және осы Жарғыға сәйкес Банк қабылдаған құжаттардың негізінде атқарады.

6.108. Басқарма мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі Басқарма мәжілісінің кворумын құрайды. Егер Басқарма мәжілісіне Басқарма мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі катысса, онда Басқарманың шешім қабылдауға құқы бар, жоғарыда көрсетілген кворум туралы жағдайларға карамастан, Басқарма мәжілісіне Басқарма Төрағасы немесе осы Жарғының 6.104 пунктіне сәйкес Басқарма Төрағасы тағайындаған Басқарманың бір мүшесі катысатын болған жағдайда ғана Басқарма мәжілісінің қандай – да бір шешім қабылдауға құқығы болады. Басқарма шешімдері - Басқарма мәжілісіне катысушылар дауысының басым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда, Басқарма Төрағасы шешімді дауысқа ие. Басқарманың бір мүшесінің дауыстық құқығын - Басқарманың басқа бір мүшесіне тапсыруына болмайды.

6.109. Басқарманың шешімдері – Басқарма қаулыларымен және хаттамаларымен рәсімделеді.

6.110. Басқарма Төрағасы:

6.110.1. акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

6.110.2. үшінші тұлғаларға байланысты Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6.110.3. үшінші тұлғаларға байланысты Банк атынан әрекет ету құқығы үшін сенімхаттар береді;

6.110.4. өзі болмай қалған жағдайда қызметтік міндеттерін атқаруды Басқарманың бір мүшесіне жүктейді;

6.110.5. Басқарманың мүшелерінің міндеттерін, олардың арасындағы өкілеттік пен жауапкершілік аяларын белгілейді ;

6.110.6 Банк қызметкерлерін жұмысқа алу, ауыстыру және қызметтен босату қызметін атқарады (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген жағдайлардан басқа), мадақтау және сәгіс беру шараларын қолданады, Банк қызметкерлерінің жалақыларының мөлшерін және Банктің штаттық кестесіне сәйкес жалақыларға қосылатын дербес үстемақыларды, Банктің ішкі аудит тобы мен Басқарманың құрамына енген Банк қызметкерлерінің сыйақыларының мөлшерін белгілейді;

6.110.7. Банктің Жарғысы, акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар Кеңесі белгілеген өзге де қызметтерді атқарады.

6.111. Банк бөлімшелерінің, Банк филиалдарының басшылары Басқармаға есеп беруге міндетті. Олар - өздерінің бөлімшелерін/филиалдарын тиісті түрде басқаруға және осы Жарғымен белгіленген мәселелер бойынша Банк атынан әрекет етуге жауапты болып табылады.

## **VII. БАНКТІҢ ІШКІ АУДИТ ТОБЫ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ**

7.1. Ішкі аудит Тобы (ары қарай – «Топ») Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне, банктің ішкі ережелері мен процедураларының орындалуына, ішкі және сыртқы аудиторлардың есептеріне бақылау жасайды, өкілетті органның өзге де талаптары мен ықпал жасауын жүзеге асырады.

7.2. Топтың сандық құрамын белгілеу, қызметкерлерін қызметке алу, босату мәселелері бойынша, еңбек төлеу тәртібі мен шарттары, сыйақылар беру және оларға ықпал ету шараларын жүргізу - Директорлар Кеңесімен жүзеге асырылады.

7.3. Топ қызметкерлері Директорлар Кеңесі мен Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

7.4. Топ - Директорлар Кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында қызметі туралы есеп береді.

7.5. Топтың құзырына келесі мәселелер жатады :

7.5.1. Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру және бағалау ;

7.5.2. Банктік тәуекелдерді бағалау әдістемесі мен банктік тәуекелдерді басқару процедурасының тиімділігі және пайдалану тұтастығын (әдістемелерін, бағдарламаларын, ережелерін, банктік операциялар мен мәмілелерді жүргізу тәртібі мен процедураларын, тәуекелдерді басқаруды) тексеру;

7.5.3. Мәліметтер базасының тұтастығын тексеру және оларға санкциясыз рұқсат етуден қорғауды, күтпеген жағдайлардағы әрекет ету жоспарының болуын қоса отырып, ақпараттық автоматтық жүйелердің жұмыс істеу тиімділігін тексеру;

7.5.4. Бухгалтерлік есепке алу мен есептіліктің дәйектілігін, дұрыстығын және уақытында орындалуын және сонымен бірге ақпарат пен есеп тапсырудың беріктігін және уақытында орындалуын тексеру ;

7.5.5. Қазақстан Республикасының заңнамалық құқықты-нормативтік актілеріне сәйкес өзге мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын, шынайылығын, уақытында тапсырылуын тексеру ;

7.5.6. Банк мүліктерінің сақталуын қамтамасыз етуде пайдаланылатын тәсілдерді (әдістемелерді) тексеру;

7.5.7. Банк жүргізетін операциялардың экономикалық мақсаттылығын және тиімділігін бағалау;

7.5.8. Ішкі бақылау процесстері мен процедураларын тексеру ;

7.5.9. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындау мақсатында құрылған жүйелерін тексеру ;

7.5.10. Банктің мамандарын басқару бөлімінің жұмысын бағалау;

7.5.11. Банк бөлімшелеріне жасалған тексерулер нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдерді азайту жөнінде Банктің бөлімшелері мен органдарының қабылдаған шараларының тиімділігіне бақылау жүргізуді немесе бөлім басшылары мен (немесе) басқару органдары анықтаған тәуекелдердің Банк үшін жарамдылығы туралы қабылданған шешімдерін құжаттандыруды жүзеге асыру;

7.5.12. Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге мәселелер.

7.6. Топ - Банктің алқалы органы болып табылмайды. Топ - Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Топтың жұмыс істеу тәртібі, оның функционалдық міндеттері, құқықтары және жауапкершіліктері Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

7.7. Банктің лауазымдық тұлғалары:

- 7.7.1 өздеріне жүктелген міндеттерді әділ атқарады және Банк пен акционерлердің мүддесін көздейтін ең тиімді тәсілдерді пайдаланады;
- 7.7.2 Банктің мүліктерін осы Жарғы мен акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің шешімдеріне қарама қарсы бағытта пайдалануға және өз мақсаттарына немесе мәмілелер жасауда өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен теріс пайдалануға жол бермеуі тиіс;
- 7.7.3 тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептіліктің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
- 7.7.4 Банктің қызметі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жариялауға бақылау жасайды.
- 7.7.5 Банктегі қызметі тоқтағаннан кейінгі үш жыл бойы Банк қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.
- 7.7.6 Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына, Банктің жарғысына және ішкі құжаттарына, еңбек шартына сәйкес Банк пен оның акционерлерінің мүдделерін, мөлдірлігін, ақпараттылығын сақтау негізінде әрекет етеді;
- 7.7.7 Барлық акционерлерге әділетті түрде қарап, корпоративтік мәселелер бойынша әділ де тәуелсіз шешімдер қабылдайды;

7.8. Банктің лауазымды тұлғалары Банк пен акционерлер алдында өздерінің әрекеттері (әрекетсіздіктері) салдарынан келтірілген зияндар үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, соның ішінде Банктің көтерген шығындары үшін, төменде көрсетілгендердің нәтижесінде болған зияндармен шектелмей-ақ жауапкершілік көтереді:

- 7.8.1 адастыру мақсатында ақпарат беру немесе әдейі жалған ақпарат беру;
- 7.8.2 Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу.
- 7.8.3 олардың арам ниетті әрекеттері және (немесе) әрекетсіздіктерімен осындай мәмілелер қабылдау нәтижесінде, соның ішінде олардың өздерінің немесе олардың аффилиирленген тұлғаларының пайда (табыс) табуымен Банкке шығындар келтіру мүддесін көздеген мәмілелері және (немесе) ірі мәмілелер қабылдау туралы ұсыныстар жасау және (немесе) шешімдер қабылдау;

7.9. Акционерлердің Жалпы жиналысының Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының және (немесе) Банктің жарғысының жағдайларында көзделген ірі мәмілер мен басқа мүддені көздеген мәмілер жасауға шешім қабылдауы - егер Банкке келтірілген шығындар болған жағдайда, пайда тауып, (табыс) түсіруді көздеген мәмілерді қабылдауға шешімдер ұсынған жауапты тұлға немесе оның аффилиирленген тұлғалары немесе Банк органының мәжілісінің мүшесі болып табылатын арам ниеттілікпен әрекет еткен және (немесе) әрекетсіздік танытқан жауапты тұлға жауапкершіліктен босатылмайды.

7.10. Банк акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Банктің бес және одан астам дауысқа салынатын акцияларына (жинтық акцияларына) иегер акционердің (акционерлердің) шешімдері негізінде, банкке келтірілген шығындар мен зияндарды қайтару туралы, сонымен бірге лауазымды қызметкердің арам ниетпен әрекет етуі және

(немесе) әрекетсіздік жасаған жағдайда басқа мүддені көздеген мәмілер жасау және ірі мәмілелер туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде лауазымды қызметкер мен оның аффилиирленген тұлғаларының банкке келтірілген шығындарын, пайдаларын (табыстарын) Банкке қайтарып беруді талап ету мақсатында, лауазымды қызметкердің үстінен сотқа шағымдануға құқылы.

7.11. Банк акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Банктің бес және одан астам дауысқа салынатын акцияларына (жинтық акцияларына) иегер акционердің (акционерлердің) шешімдері негізінде лауазымды қызметкер мен үшінші тұлға арасында қабылданған мәміле нәтижесінде келтірілген шығындарды Банкке қайтарып беру туралы, егер осындай мәміле қабылдауда және (немесе) жүзеге асыруда Банктің осы лауазымды қызметкері келісім негізінде үшінші тұлғамен Қазақстан Республикасының заңнамасының, жарғының және банктің ішкі құжаттарының немесе еңбек шартының талаптарын бұза отырып әрекет еткен жағдайда, өз атынан лауазымды қызметкер мен үшінші тұлғаның үстінен сотқа шағымдануға құқылы. Бұл жағдайда, Банкке шығындарды қайтаруда Банктің лауазымды қызметкері мен үшінші тұлға - Банктің бірлескен борышкері ретінде саналады.

Сот органдарына шағымданғанға дейін Банктің бес және одан астам дауысқа салынатын акцияларына (жинтық акцияларына) иегер акционері (акционерлері) Банктің лауазымды қызметкерлерінің банкке келтірген шығындарын Банкке қайтару туралы және Банкке шығындар келтіру мүддесін көздеген мәмілелер және (немесе) ірі мәмілелер қабылдау туралы ұсыныстар жасау және (немесе) шешімдер қабылдау нәтижесінде Банктің лауазымды қызметкерлерінің және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының тапқан пайдаларын, түсірген (табыстарын) банкке қайтару туралы мәселені Директорлар Кеңесінің мәжілісінде қарау үшін Директорлар Кеңесінің төрағасына ұсынуы тиіс.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы осы пункттің үшінші бөлігінде көрсетілген шағым қабылданған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей, Директорлар Кеңесінің көзбе- көз мәжілісін шақыруы керек.

Банктің бес және одан астам дауысқа салынатын акцияларына (жинтық акцияларына) иегер акционерінің (акционерлерінің) шағымы бойынша Директорлар Кеңесінің шешімдері - олардың бәріне мәжіліс өткізілген күннен бастап үш күнтізбелік күн аралығында хабарлануы тиіс. Банктің бес және одан астам дауысқа салынатын акцияларына (жинтық акцияларына) иегер акционері (акционерлері) Директорлар Кеңесінің шешімін алғаннан кейін немесе оны осы пунктте белгіленген мерзімде ала алмаса, Директорлар Кеңесінің Төрағасына акционердің көрсетілген мәселе бойынша түсірген шағымын растаушы құжаттары болған жағдайда, Банктің мүддесін қорғау мақсатында, өз атынан сотқа шағымдануға құқылы.

7.12. Егер банк органы қабылдаған, Банкке немесе акционерге зиян келтіретін шешімдерге қарсы дауыс берген, немесе себепті жағдайлармен дауыс бергемен жағдайларда, мәмілелер жасауға мүдделі болған, нәтижесінде банкке зиян келтірілген мәмілерді қабылдауды ұсынған Банктің лауазымды тұлғасынан басқа, лауазымды тұлғалары жауапкершіліктен босатылады.

Егер лауазымды тұлға шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде шешімдерді Банктің мүддесіне сай деп тауып, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен бекітілген Банктің лауазымдық тұлғалар қызметі туралы

принциптерін сақтай отырып, тиісті түрде әрекет еткен болса, онда ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімдер негізінде пайда болған шығындарды қайтарудан босатылады.

7.13. Экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық және өзге де ұйымдардың қызметтік мүддесіне, меншікке байланысты қылмыстар жасауда сотпен кінәлі болып табылған Банктің лауазымды тұлғалары, сонымен қатар реабилитацияланбайтын негіздер бойынша аталған қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандар, сотталуды өтегендік пен қылмыстық жауапкершіліктен босатылу туралы заң белгіленген тәртіп бойынша бес жыл аралығында акционерлердің Жалпы жиналысына акционердің өкілі болу қызметін, немесе Банктің лауазымды тұлғаларының қызметтерін атқара алмайды.

7.14. Егер Банктің қаржылық есептілігінде Банк жағдайы бұрмаланатын болса, онда Банктің осындай қаржылық есебіне кол қойған Банктің лауазымды тұлғалары осы жағдай нәтижесінде материалдық шығындарға ұшыраған үшінші тұлғалар алдында жауап береді.

7.15. Жарғының осы Тарауының мақсаттары үшін төмендегілер анықтама ретінде қабылданады беріледі:

арам ниеттілік, яғни Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен бекітілген Банктің лауазымдық тұлғаларының қызмет ету қағидаларын бұза отырып, Банктің мүддесін көздемейтін ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер қабылдау туралы шешім қабылдау (қабылдауға ұсыныс жасау) нәтижесінде, өзге мүдделілік танытылған, Банкке кәсіпкерлік дағдылы тәуекелдерге енбейтін шығындар келтірілген жағдай;

әрекетсіздік, яғни Банктің лауазымды тұлғасы ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер қабылдау туралы шешім қабылдау нәтижесінде Банкке кәсіпкерлік дағдылы тәуекелдерге енбейтін шығындар келтірілген, мүдделілік танытылған кезде бейтарап қалса немесе себепсіз түрде дауыс беруге қатыспаған жағдай.

## **VIII. БАНКТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТІ**

8.1. Банктің қаржылық есебінің құрамына Банктің бухгалтерлік балансы, пайдалар мен шығындар туралы есеп, ақшалар қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсініктеме хат жатады.

8.2. Банктің бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілігін жүргізу тәртібі - Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, өкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен, қаржылық есептің халықаралық стандарттарымен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Өкілетті органмен келісе отырып, Ұлттық Банк консолидациялық негіздегі қаржылық есепті қоса алғандағы қаржылық есептілікті тапсырудың тәртібін, мерзімін және тізімін белгілейді.

Банктер Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес операциялар мен оқиғаларды есепке алуды жүзеге асырады.

8.3. Банктің бухгалтерлік есепке алу саясаты - Директорлар Кеңесімен белгіленеді.

8.4. Басқарма жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысына Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жылдың жылдық қаржылық есебін талқылауға және бекітуге ұсынып отырады. Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысына қаржылық есептен басқа аудиторлық есеп те ұсынады.

8.5. Жылдық қаржылық есептілік - Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалады.

8.6. Банктің жылдық қаржылық есебі - акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізгенге отыз күн қалғанға дейін кешіктірмей, алдын-ала Директорлар Кеңесінде бекітілуге ұсынылады.

8.7. Банктің жылдық қаржылық есебін ақырғы бекітіу - акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүзеге асырылады.

8.8. Банк жыл сайын консолидациялық жылдық қаржылық есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті, ал туынды ұйым (туынды ұйымдар) болмаған жағдайда – өкілетті орган белгілеген консолидацияланбаған жылдық қаржылық есеп пен аудиторлық есеп - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің өкілетті органмен келісіп белгілеген тәртібі мен мерзімінде жүргізіледі.

«Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдделік көзделген мәміле бойынша ақпараттар - қаржылық есептің халықаралық стандарттары бойынша жылдық қаржылық есепке жасалатын қосымша түсінік хатта баяндалады. Банк активтерінің он және одан астам сома пайызын құрайтын мүлікті алу немесе иесіздендіру мәмілесі туралы ақпаратқа мәміленің тараптары, мерзімдері мен шарттары, оған қатысушылардың сипаты мен үлестік мөлшері, сонымен қатар барлық басқа да деректері енуі қажет.»

8.9. Банк қызметінің нәтижелері - өкілетті органға ұсынылатын қаржылық есепте бейнеленеді.

8.10. Банктің қаржылық (операциялық) жылы - бірінші қаңтарда басталып, отыз бірінші желтоқсанда аяқталады.

8.11. Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19 бабының 4 пунктіне сәйкес аудиторлық ұйым растаған мәліметтер мен акционерлердің Жалпы жиналысы бекіткен жылдық баланс және пайдалар мен шығындар туралы есептерінің мәліметтерінің анықтығын, Ұлттық Банктің өкілетті органмен келісіп белгілеген мерзімде құрамына жылдық баланс, пайдалар мен шығындар туралы есептер енгізілген қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған жылдық қаржылық есепті жариялайды.

Банк тоқсан сайын, аудиторлық растамасыз-ақ, өкілетті органмен келісе отырып, Ұлттық Банк белгілеген мерзімдерде қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған пайдалар мен шығындар туралы есепті, балансты жариялап отырады.

8.12. Банк өзге де қаржылық есепті қосымша түрде жариялауға құқылы.

8.13. Банк жылдық қаржылық есеп аудитін жүргізуге міндетті.

8.14. Банк Директорлар Кеңесінің, Басқарманың ынталары бойынша, Банк есебінен немесе ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізеді, бұл жағдайда ірі акционер аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды дербес түрде таңдап алуға құқылы.

Ірі акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Банк аудиторлық ұйым талап еткен барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) ұсынуға міндетті.

8.15. Басқарма аудит жүргізуден жалтарған жағдайда, аудит тағайындау - кез-келген мүдделі тұлғаның сотқа шағымдануы арқылы жүзге асады.

## **IX. БАНКТИҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ**



9.1. Банк өз акционерлерінің назарына олар мүдделі Банктің қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Өзінің акционерлеріне өзінің қызметі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ұсыну мақсатында, Банк сондай ақпаратты жариялау үшін «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттер немесе өзінің корпоративтік веб-сайт [www.kassanova.kz](http://www.kassanova.kz) қолданады.

9.2. Банк акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат деп төмендегілер болып танылатындар:

- 9.2.1 Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдері, сонымен бірге осы шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
- 9.2.2 Банктің акциялар мен басқа да бағалы қағаздар шығаруы және өкілетті органның бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Банктің бағалы қағаздарын жабудың нәтижелері туралы есептерді бекітуі, өкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- 9.2.3 Банктің ірі мәмілерді және қабылдануында Банктің мүддесі көзделген мәмілерді жасауы ;
- 9.2.4 Банктің активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы Банктің мүліктерін кепілге (кепілге қайта қоюға) тапсыру ;
- 9.2.5 Банктің өзіндік капиталының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сома мөлшерінде несие алуы ;
- 9.2.6 Банктің қандай да бір қызмет түріне лицензия алуы, Банктің қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін бұрын алған лицензиясының әрекетінің тоқтатылуы немесе аяқталуы;
- 9.2.7 Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;
- 9.2.8 Банк мүлкінің тұтқындалуы;
- 9.2.9 баланстық құны Банк активтерінің он және одан астам пайызын құрайтын Банк мүлкінің төтенше сипаттағы жағдайлар туындау салдарынан жойылуы;
- 9.2.10 Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
- 9.2.11 корпоративтік даулар бойынша сотта іс қозғалуы;
- 9.2.12 Банкті мәжбүрлеп қайта құру туралы шешім.
- 9.2.13 Осы жарғыға, сонымен бірге Банктің акциялар шығару проспектісіне сәйкес акционерлердің мүдделеріне қатысты өзге ақпарат.

9.3. Банк қызметі туралы акционерлердің мүдделеріне қатысты ақпарат беру - Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық басқа актілерімен ақпарат жариялау (акционерлерге жеткізу) мерзімдері көрсетілмеген болса, онда ақпараттар пайда болған кезден бастап бес күн ішінде жарияланады (акционерлерге жеткізіледі).

9.4. Акционердің талабы бойынша Банк Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13-мамырындағы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен қарастырылған құжаттардың көшірмесін, қызметтік, коммерциялық құпиялы ақпаратты ұсынуға қойылатын шектеулерді ескере отырып, осы Жарғының 9.7 тармағында анықталған тәртіппен ұсынуға міндетті.

9.5. Құжаттардың көшірмелерін дайындау төлемінің мөлшері Банкпен белгіленеді және құжаттардың көшірмелерін дайындауға кеткен шығындардың және акционерге құжаттарды жеткізуге байланысты шығындарды төлеу нақты құнынан артық болмауы керек.

9.6. Осы Жарғының 9.9-тармағының ережелерін сақталуын ескере отырып, Банктің бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымы және айырбастау мәселелерін реттейтін құжаттар және қызметтік, коммерциялық құпиялы ақпаратты акционерге танысуға оның талабы бойынша ұсынылуы тиіс.

9.7. Осы Жарғының 9.4-тармағында көрсетілген және Банктің коммерциялық немесе өзге құпиялы ақпаратын құрамайтын құжаттарды алу үшін акционер Басқарма Төрағасының атына жазбаша сұрау жібереді. Бұл сұрауда көшірмесі (үзіндісі) талап етілетін құжаттың атауы және құрастырылған күні, сондай-ақ, жіберілетін мекен-жайы көрсетіледі.

9.8. Егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілмесе, өтініш 15 (он бес) күнтізбе күн ішінде қаралады. Аталмыш мерзім өткеннен кейін Банк берілген өтінішті қарау нәтижелері туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлауы тиіс. Акционердің жазбаша талабы бойынша Банк Жарғының көшірмесін, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды осындай талапты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде ұсынады (тапсырыс хатымен жібереді).

9.9. Банктік құпиясын қоспағанда, қызметтік, коммерциялық құпиялы деп саналатын қажетті ақпаратты алу үшін Банк акционері:

9.9.1. Басқарма Төрағасына көшірмесі (үзіндісі) талап етілетін құжаттың атауы және құрастырылған күні, сондай-ақ, жіберілетін мекен-жайы көрсетіліп жазбаша сұрау жібереді. Егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілмесе, өтініш 15 (он бес) күнтізбе күн ішінде қаралады. Аталмыш мерзім өткеннен кейін Банк берілген өтінішті қарау нәтижелері туралы өтініш берушіні жазбаша хабарлайды;

9.9.2. құжаттардың көшірмелерін (үзінділерін) дайындауға және акционерге жіберуге немесе акционерге жеткізуге кеткен шығындарының құнын төлейді;

9.9.3. коммерциялық және қызметтік құпиясын жария етпеу туралы міндеттемеге қол қояды.

9.10. Басқарма Төрағасы талап етілген ақпаратты ұсыну мүмкіндігін, сонымен қатар ұсынылатын құжаттардың түрлерін (оның көшірмесін, құжаттың куәландырылған

үзіндісін және басқаларды) және талап етілетін ақпаратты ұсыну нысанын қарайды. Басқарма Төрағасы сұралған ақпаратты ұсыну туралы шешім қабылдаған жағдайда тиісті құрылымдық бөлімше акционерге құжаттармен танысуға мүмкін уақыт пен орынды (құжаттармен танысуға болатын орын Банк бөлмелері шегінде болуы тиіс және шешіммен анықталады) немесе құжаттардың көшірмелерін (үзінділерін) дайындауға және акционерге жіберуге немесе акционерге жеткізуге кеткен шығындарының құнын, сонымен қатар акционер аталмыш шығындарды төлейтін деректемелерді хабарлайды.

9.11. Банктің пошта шығындары мен құжаттардың көшірмелерін әзірлеуге кеткен шығындарды төлеуге ақша түскен күннен және акционер коммерциялық және қызметтік құпиясын жария етпеу туралы Міндеттемеге қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк акционерге сұралған құжаттардың көшірмелерін (олардың куәландырылған үзінділерін) тапсырыс хатпен жібереді немесе жеке өзіне жеткізеді.

9.12. Аталмыш Міндеттемеге акционер қол қоймаған жағдайда Банктің қызметтік, коммерциялық құпиялы деп саналатын сұралған ақпараттар (құжаттар) ұсынылмайды.

9.13. Басқарма Төрағасы сұралған ақпаратты акционерге ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, тиісті құрылымдық бөлімше акционерге бас тарту себебі мен жауабы мазмұндалған хабарламаны жібереді.

9.14. Банк қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Банк жұмысшыларының тізімін міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

9.15. Сотта корпоративтік дау бойынша істі қозғау туралы ақпарат Банк корпоративтік дау бойынша азаматтық іске қатысты тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті (7) жұмыс күні ішінде акционерлерге ұсынылуы тиіс.

9.16. Банктік құпия тек ғана шоттың (мүліктің) иегеріне, шот (мүлік) иегері өз басы Банкта болған кезде берген жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші тұлғаға, Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес ұсынылған қарыздар жөніндегі несие бюросына, сондай-ақ 1995 жылғы 31 тамызындағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы» Заңының 5 - 8 тармақтарында көрсетілген тұлғаларға, сол бапта көзделген негіздермен және шектерде ашылуы мүмкін.

## **Х. БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ДАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ОЛАРДЫҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ**

10.1. Банктің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпиялы ақпарат болып табылмайды.

10.2. Банк өзінің аффилирленген тұлғаларын осы тұлғалар берген мәліметтер негізінде есепке алады.

10.3. Банктің аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Банкке өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді жеті күн ішінде ұсынуға міндетті.

10.4. Банктің аффилирленген тұлғасы болып табылатын заңды тұлға туралы мәліметтер келесі ақпараттарды қамтиды:

10.4.1 заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

10.4.2 заңды тұлғаның орналасқан жері (заңды мекенжайы);

10.4.3 заңды тұлғаның салық төлеушісінің тіркеу (сәйкестендіру) нөмірі;

10.4.4 заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеу куәлігінің тіркеу нөмірі және күні;

- 10.4.5 Банкпен аффилиирлену туындаған күні және себептерінің негізі;
- 10.4.6 заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғаларының тізімі.
- 10.5. Банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке тұлға туралы мәліметтер келесі ақпараттарды қамтиды:
- 10.5.1 жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;
- 10.5.2 жеке тұлғаның тұратын жері;
- 10.5.3 жеке тұлғаның туған күні мен орны;
- 10.5.4 жеке тұлғаның салық төлеушіні тіркеу (сәйкестендіру) нөмірі;
- 10.5.5 жеке тұлғаның жеке бастылығын растайтын құжат деректері;
- 10.5.6 жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесі бойынша мәлімет және қызмет (оқу) орны;
- 10.5.7 жеке тұлғаның аффилиирленген тұлғаларының тізімі.
- 10.6. Бұрын берілген ақпараттар өзгерген (толықтырылған) жағдайда, Банктің аффилиирленген тұлғалары осындай жағдай болған күннен бастап, жеті күн ішінде осындай өзгертулер (толықтырулар) туралы Банкті хабардар етуге міндетті.
- 10.7. Банктің аффилиирленген тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзі және өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпараттарды ашуға байланысты міндеттемелерін толық немесе өз уақытында орындамағаны үшін жауап береді.

## **XI. БАНКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

- 11.1. Банкті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 11.2. Банк келесі жағдайда таратылуы мүмкін:
- 11.2.1 уәкілетті органның рұқсатымен оның акционерлерінің шешімі бойынша (ерікті таратылуы);
- 11.2.2 Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша (мәжбүрлі тарату).
- 11.3. Банк қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының банкроттық және банктік заңнамалардың талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- 11.4. Мәжбүрлі таратылатын Банктің, соның ішінде оның банкроттығына байланысты несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру Қазақстан Республикасының банктік заңдарымен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.
- 11.5. Несие берушілермен есеп айырысудан кейін қалған таратылатын Банктің мүлкі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте акционерлердің арасында бөлінеді.
- 11.6. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркеледі.

«Банк Kassa Nova»  
акционерлік қоғамының  
Басқарма Төрағасы

*Т. Куанышев*  
*Куанышев Т.Ж.*  
*Куанышев Т.Ж.*